

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, №4 (1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ө. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН НАУҚАНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАРДАПТАРЫ

Шашаев А.К.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы)

Тарих ғылымдарының кандидаты

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Кеңес Одағының Қазақстанда жүргізген репрессиялық саясатының зардаптары қарастырылады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тоталитарлық билік режимі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын ескермей, заңдарды дөрекі түрде бұзды және жазалау шараларын қолданды. Саяси науқандардың салдарынан көптеген адамдар ашаршылыққа ұшырап, туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды.

Тірек сөздер: Тарих, тоталитаризм, саясат, репрессия, ашаршылық, үдере көшу.

ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА В КАЗАХСТАНЕ

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы)

Кандидат исторических наук

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются негативные последствия репрессивной политики Советского Союза в Казахстане. В 20-30 гг. тоталитарный режим власти игнорировал права и свободы своих граждан, при этом грубо нарушал законы, применял карательные меры. В результате политических кампаний многие люди страдали от голода и были вынуждены покинуть родину.

Ключевые слова. История, тоталитаризм, политика, репрессия, голод, откочевка.

CONSEQUENCES OF THE SOVIET-ERA POLITICAL REPRESSION CAMPAIGN IN KAZAKHSTAN

Shashayev A.K.

Institute of History and Ethnology named after. C.H. Valikhanova (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Candidate of Historical Sciences

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Annotation. This article examines the negative consequences of the repressive policy of the Soviet Union in Kazakhstan. In the 20-30s. The totalitarian regime of power ignored the rights and freedoms of its citizens, while grossly violating the laws, applied punitive measures. As a result of political campaigns, many people suffered from hunger and were forced to leave their homeland.

Keywords. History, totalitarianism, politics, repression, famine, migration.

Қысқаше

Ең бір әділ сот және әділ қазы – уақыт. Тарихи үрдіс барысында, ол асықпай, аптықпай қоғам өміріндегі, мемлекеттегі, адамзат тіршілігіндегі оқиғалар мен құбылыстарды сүзбеден

өткізіп, бәрін өз орнына қойып, шынайы бағасын береді, яғни уақыттың өзі тарих үшін нағыз материал жасайды.

Міне, сондықтан да, тәуелсіз Қазақстанның болашаққа жасаған қарқынды қадамы барысында оның тарих ғылымы да түйінді ойларды тоғытқан, жаңа үрдісті зерттеулерді дүниеге әкелуде.

Осыған дейінгі 20-30-шы жылдары үкіметтің тоталитарлық тәртібі адамдар құқығы мен еркіндігін аяққа таптап, заңдылықты өрескел бұзды, аса қорқынышты үкімдер шығарып, оларды талқылауға тиым салған және жазалауды бірден жүзеге асыратын әртүрлі ойдан шығарылған соттан тыс органдарды құрған еді. Дәл сол кезеңде елдің еңсесін езген моральдық-психологиялық жағдай орнады – адамдардың бір-біріне деген сенімінің жоғалуы, жала жабу, бірін-бірі ұстап беру, тұтқындалу мен түрмеге жабылудан үрейлену, «халық жауы», «бай», «жулақ», «ұлтшыл», «тыңшы» деген таңба тағылуы және т.б.

Еңбекші бұқараның еңбегі арқасында құрылған тоталитарлық мемлекет дұшпансыз, оған деген жеккөрінішсіз өмір сүре алмайтын еді. Халықты белгісіз бір үрей мен қорқыныш алдында ұстап отырып, өздерін содан қорғайтын жалғыз күш ретінде көрсету тоталитарлық тәртіптің басты мақсаты болды. Дұшпан жоқ болса, оны ойлап табу қажет еді.

Мұның бәрі дүниеге деген көзқарастың бұрмалануына, оқиғалардың шынайы бағалануы мен заңдылықтардың бұзылуына және әділетсіз шешімдердің қабылдануына әкелді. Дәл осындай жағдайда жаппай қутын-сүргіннің болмай қоймайтындығы айқын болатын.

Ешбір соғыссыз бейбіт уақытта қаншама мың адам атылып кетті. қаншама мыңы концентрациялық лагерлерде шыбындай қырылып жатты, ондаған мың адамдар қатал саяси қуғынға ұшырады, отбасынан айырылды, ата-аналарынан ажыраған балалар, жесір қалған аналар тағдыры аса аянышты болды.

Аталған жылдары елдегі жүзеге асырылған ірі шаралар науқаншылықпен, күштеу тәсілі арқылы, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық-психологиялық менталитетін талқандау арқылы жүргізілді. Бүкіл ел көлемінде әртүрлі түрмелер мен колониялар құрылды, бүтіндей халықтар туған жерінен қуылып, депортацияланды, жеке адамдарға ғана емес бүкіл бір халықтың өзіне «сатқындар», «итаршылар», «сенімсіздер» деген айдарлар тағылды.

Ашаршылықтан құрбан болған, босқынға айналып белгісіз жат жерлерде калып кеткен миллиондаған адамдар тағдырын кім есепке алыпты? Бұдан бөлек ешбір санмен де. метрмен де өлшеуге келмейтін құндылықтарды қайтеміз? Бұл табанға тапталған халық рухы, халық жауының туысы ретінде бүкіл өмірі қуғын-сүргінде болған қарттар, әйелдер, балалардың тағдыры. Адамдар қуғын-сүргін жазасынан үрейленіп, ұлтын, аты-жөнін өзгертіп, құпия түрде кіндік қаны тамған жерден кетіп-жатты, нәтижесінде, отансыз, шын аты-жөнісіз және туыстарсыз белгісіз біреулерге айналды, тіпті өзінің ұлттық бейнесін жоғалту шегіне де жеткен еді.

ІХК (НКВД) қамауында отырған адамдар, өздерінің еркіндігі мен құқының тапталуына, заңдылықтың бұзылуына қарсылық көрсетудің мүмкін болатын барлық түрін қолданды. Өздерінің күнәсіздігін дәлелдеуге тырысып, тергеудің өрескел бұзылуына қарсы күрес жүргізді. Мысалы, көпшілігі тергеушімен кездесуге және әңгімелесуге барудан бас тартты. Сәкен Сейфуллин тұтқындалғаннан кейін жауап беруден бас тартып, 13 күн бойы тергеушілермен сөйлеспей қойды. Ал, Қошанбаев, Болатбеков, Күлетов, Кенжин, Майлин, Сұлтанбеков және басқалар 3 айдан 7 айға дейін ешбір жауап бермей, өздерінің айтқандарында тұрып, қаншама ұрып-соғып қинауға (басынан, бүйрегінен ұрып, қолына кісен салып, тас еденге бетімен лақтырған) карамастан еш нәрсені мойындарына алмады. Халықком төрағасының орынбасары С.Есқараев 7 ай бойы прокурормен кездесуді талап етті, ал айыптау қорытындысы жазылған хаттаманы қолына ұстатқанда, шетіне «Прокурормен сөйлесуді қалаймын» деп жазып жіберді. Жоғарғы соттың Қазақстандық бөлімшесінің төрағасы және Әділет халықкомы болған К.Күлетов тұтқындалып, бірнеше рет жасалған тергеу барысында шала сауатты тергеушілердің қателігін көрсетіп, түзетіп отырды. Міне, осылайша ІХК түрмелерінің ішінде өмір мен өлім арасында кескілескен теңсіздік күресі жүріп жатты.

Ал, еркіндіктегі азаматтар республикадағы жағдайдың өте ауыр екендігін – отаршылдық, шаруашылықтың құлдырауын, адамдардың қырылуын көре отырып, одан үнсіз отырып шет қала алмады. Сталиннің, Каганович, Молотовтың атына Республика жетекшілерінен бастап, қатардағы азаматтарға дейін хат жазып, еліне араша сұраған еді. Бастарына төнген қатерден, халқының жан төзгісіз тағдырының шындығын баяндауды жоғары қойып, өздерінің азаматтық міндетін орындады.

Әрине республика басшыларының және «бесеудің хаты», «алтаудың хаты» деген бұл құжаттардың мұрағаттардың құпия қорларынан жарыққа шыққаны бәрімізге белгілі. Біздің айтпағымыз осы қасіретті кезеңдегі әрбір облыстың, ауданның және ауылдардың, соның ішінде тұрғындардың яғни соңғы адамның (қуғын-сүргінге ұшыраған) тағдырына қатысты құжаттар ақтарылып, жазықсыз жапа шеккендердің аттары аталмай, толық ақталмай тарихшыға жүктелген міндет күн тәртібінен алынбайды. Халық даналығы «өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Міне, сондықтан да біздің жоғарыда аталған тақырыбымыз өзекті мәселелерді Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша қарастыруға бағытталған.

Халыққа қарсы мемлекет билігіндегілер жазалаушы органдардың аса зор қуатын барынша қолданды. Өміршіл-әкімшілік жүйенің қалыптасуы барысында партия және қуғын-сүргін, жазалау органдарының бір-біріне кірігіп, қоян-қолтық әрекет еткені белгілі. ОГПУ-дың өкілетті өкілдері әрекеті мен оның құрылымына, басшыларының құрамына сипаттама беретін болсақ, билік иелерінің өз халқына қарсы жарияланбаған соғысында негізгі атқарушы ролге ие болғандығын көреміз. Олардың Оңтүстік Қазақстандағы бүкіл саяси өмірді бақылауға алып, одан ауытқығандарды жазалап, ұлттық интеллигенцияны ауыздықтауда қаншалықты рол атқарғанын мұрағат деректері арқылы айқындауға болады.

Тарихи үкім ретінде қабылданған (1993 жылы 14 сәуірде) «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Қазақстан Республикасының Заңы да қаншама жылға кешіккен тарихи міндетті алға тартты.

Сонымен, біз өз мақаламызда қандай қылмыстар жөнінде айтқанымыз дұрыс? Коммунистік режимнің жасаған қылмыстары шексіз: ең алдымен рухқа қарсы қылмысты айтамыз, сонымен қатар жалпы тарихи дәстүріміз бен дінімізге және ұлттық мәдениетке тигізген кеселі неге тұрады? Сталиннің бұйрығымен талай тарихи ескерткіштер, шіркеулер мен мешіттер талқандалды, жын-ойнақ орындарына айналдырылды. Бірақ та бұның барлығы адамдарды жаппай қырудың жанында түк те емес. Жеке адамдарды жоюдың көптеген тәсілі қолданылды: ату, дарға асу, суға батыру, өлгенше сабау, жасанды түрде жасалған аштық арқылы, тағдыр тәлкегіне тастап, көмек көрсетуге тиым салу арқылы, депортация (күштеп көшіру) кезінде (жаяу болсын, вагондарда болсын) жер аударылған жерлерде, күштеп жұмыс істетуге кезінде (аяусыз еңбек, жұқпалы аурулар, аштық, суық т.б.) өлімге душар болатын.

Міне, осындай қылмыстық әрекеттер нәтижесінде дүние жүзі бойынша қаза тапқандардың барлық санын қорытындылайтын болсақ, ол авторлар ұжымы шығарған «Черная книга коммунизма» [1] мәліметі бойынша төмендегідей: КСРО-да – 20 миллион адам өлтірілген; Қытайда – 65 миллион адам өлтірілген; Вьетнамда -1 миллион; Солтүстік Кореяда – 2 миллион; Камбоджада – 2 миллион; Шығыс Европада – 1 миллион; Латын Америкасында – 150 мың; Африкада- 1,7 миллион; Ауғанстанда – 1,5 миллион.

Ал, бұл мәліметтерге салыстырмалы түрде Пер Альмарк өзінің «Открытая рана» деген кітабында жер бетіндегі жаппай қырып-жою мәселесіне байланысты мәліметтер жинауға бүкіл ғұмырын арнаған Гавай университетінің профессоры Рудольф Руммелдің демографиялық мәліметтеріне жүгіне отырып төмендегі деректерді келтіреді [2].

КСРО-да 1917-1987 жылдар аралығында-62 миллион адам қырғынға ұшыратылған;
 Коммунистік Қытайда (1949-1987 жж.) – 35 миллион;
 Германияда (1933-1945 жж.) – 21 миллион;
 «Ұлтшылдық» Қытайда (1928-1949 жж.) – 10 миллион;
 Жапонияда (1936-1945 жж.) – 6 миллион;

Түркияда (1909-1923 жж.)-2,8 миллион.

Барлық «социалистік» деп аталатын 23 елде 110 286 миллион адам жойылды.

Камбоджада – 22 миллион;

Солтүстік Вьетнамда – 1,6 миллион;

Югославияда – 1 миллион;

Эфиопияда – 725 мың;

Румынияда – 435 мың;

Мозамбикте – 196 мың.

Жалпы тізім осылайша кете береді. Сонымен қатар кітапта осындай жаппай қырып жоюға жауаптылардың да тізімі берілген. Мысалы, Сталиннің билігі кезіндегі құрбан болғандар – 42,6 миллион; ал одан кейінгі жауапкершілікке Мао Цзедун – 37,8 миллион адам өліміне қатысына қарай тартылған. Гитлер – 20,9 миллион; Чан-Кайши – 10,2 миллион; Ленин – 4 миллион; Хидэки Тодзио (1941-1945 жж.) -3,9 миллион; Пол Пот – 2,4 миллион [3].

КСРО-да жыл сайын елдегі тұрғындардың 0,42 пайызы жойылып отырған және ол ұзақ мерзімді қамтыған. Пер Альмарк КСРО-ны «ГУЛАГ» мемлекеті дей келе былай деп жазады: «Көптеген азаматтарды – басқа топқа жатқаны үшін ғана өлтірді. Олар – буржуазия, ақсүйектер, көпестер басқалары болса – нашар ұлтқа немесе нәсілге жатқандар – украиндар, кара теңіз гректері, Поволожья немістері; ал үшіншілері – нашар саяси «фракциядағылар» – троцкийшілдер, меньшевиктер және тағы басқалары, әйтеуір бір айып тағылғандардың туысы – ұлы, қызы, әйелі немесе күйеуі болғандар еді» [2.79].

Әрине бұл деректерде қазақ халқының қайғылы тағдырына байланысты мәліметтер атап көрсетілмеген, ол мүмкін де емес еді. Бірақ та Бүкілодақтың деңгейіндегі қасіретті деректердің біздің еліміздің тағдырына қатысы бар екендігі айқын.

Енді осы кезеңдегі ұлт азаттық күштердің саяси қызметіне тоқталайық. Біз қарастырып отырған кезеңдегі ұлт-азаттық күштерінің саяси аренадағы міндеттері неден туындады дегенде мына мәселені айтуға болады, ең алдымен өздерінің дүниетанымы мен рухани – діни түсініктері және ар-ождан, өнеге принциптеріне сай өз өмірлері мен өзін-өзі билеу құқығын жүзеге асыру үшін күресуден.

Тарихқа жүгінсек, большевиктердің бірлескен Түркістан комитетін құруға деген келісімін алудан үміт үзген ұлт автономистері В.И. Ленин жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын алға тарта отырып, М.Тынышпаев пен М.Шоқайдың жетекшілігімен Қоқан автономиясын құрды. Ал, осы жерде айта кететін нәрсе мемлекеттіліктің кез-келген түрі Кеңес үкіметінің ресми бағытымен сәйкес келіп, большевиктер партиясының жетекшілік ролін сөзсіз мойындауға тиісті болатын. Сондықтан да Түркістандағы Кеңестердің саяси мінез көрсетулерінің қандай да болмасын түрлеріне ә дегеннен-ақ қарудың күшімен қатал басып тасталуы түсінікті жағдай еді.

Ташкенттегі Қызыл әскер құрамалары Қоқанға дәл осы мақсатта тез аттандырылды, 64 күнге созылған ұрыс нәтижесінде 1918 жылдың 13 ақпанында Қоқан автономиясы талқандалды.

Міне, осылайша большевиктердің өздерінің саяси қарсыластарына әскери күш қолдану тәсілі алғаш рет жүзеге асырылды. Бұның өзі саяси күрес бұдан былай ымырасыздықпен ешбір келісімсіз өтетіндігін көрсетті.

1919 жылдың 12-ші шілдесінде РСФСР Халкомының қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеті (Қырревком) туралы уақытша ережесін қабылдағаннан кейін оның құрамын жасақтауға қатысты «ұлтшылдардың» – «Түркістандық жергілікті халықтың мемлекеттік қызметке партияда болған, болмағандығына қарамай тек мұсылман жұмысшы ұйымдарының ұсынуы негізінде, тепе-тең жағдайда өкілділікке алынуы» туралы ұсыныстарына берілген жауап мынадай болды: «Орталық комитеттің қаулысындағы тепе-тең өкілділік... түсінбеушілік тудырып отыр, егер осыны ұстансақ, үкімет құрамына таптық көзқарастары айқын еместер еніп, жоғарғы билікке ие болары анық» [4]. Міне, осы шовинистік пиғылдың астарына көз жіберсек, ұлттық аймақтардағы барлық билікті өз вотчинасына айналдырған орыс большевиктері, оған неше түрлі сылтаумен ұлт өкілдерін жібермеуге тырысты.

Ал, бұған қарама-қарсы Т. Рысқұлов бастаған «ұлтшыл-ауытқушылар» делінгендер: «РСФСР Халықкомдары мен БОАК өкілдері таратылып, орнына Түркістан Кеңестік Республикасын құруды, өлкедегі Қызыл әскер бөлімдерінің орнына мұсылман әскери құрамаларын орналастыруды, халықаралық қатынас, сыртқы және ішкі сауда және т.б. мәселелерді шешу еркіндігін беруді» – талап етті [5].

Ұлт-азаттық пиғылдардың өлкедегі өршуінен шошынған орталық 1920 ж. 23 ақпанындағы Түрккомиссияның мәжілісінде М.В. Фрунзенің басшылығымен ТКП-ның V-ші конференциясы мен III-ші мұсылман конференциясының шешімдерін – «пантүрікшілдік» және «панисламшылық» деп айыптап, олардың жетекшілеріне қатысты қуғын-сүргін шараларына негіз салып берді [5.87].

Сонымен «Тұтас Түркістан» мемлекетін құру туралы идеяның тамырына балта шабуды қолға алған Фрунзе мен Петерс өлкедегі жазалаудың бағыттарын «Ұлтшылдар», «Пантүрікшілер», «басмашылар идеологтары» дегендерге қарсы ұйымдастыруды қолға алды.

Жергілікті билік пен кадр мәселесі «ұлтшыл-ауытқушылардың» қаншама қарсыласқанына қарамастан Орталықтың пайдасына шешілді. Сонымен, жергілікті ұлттардың белсенді коммунистері орталықтың сеніміне ие бола алмады. Оның жалпы алғанда мынадай себептері болды:

- *Біріншіден*, қазақ коммунистерінің астыртын күрес тәжірибесі жоқ делінді. Алғашқы қазақ коммунисті Ә.Жангелдин РСДЖП(б) қатарына 1915 жылы ғана қабылданған еді. Ал, 1917 ж. дейін партия қатарына 4 адам, 1920 ж. дейін 1000 адам ғана өткен. Сондықтан партия мен Кеңес басшылығына тәжірибесі аз, марксизм теориясымен жете таныс емес, тіпті оның не екенін білмейтіндер келіп жатты. Олардың саяси сауатының шалалығы бірден көрініс берді;

- *Екіншіден* аталған себептерге байланысты марксистік ұстанымдардан ауытқушы топтар өзара бірігіп, билікке келу арқылы белгілі бір мақсаттарға жетуге ұмтылды;

- *Үшіншіден*, РК(б) П-дағы билікке таласушы топтар арасындағы күрес партия ұйымдары ауқымынан шығып кетті, саясатқа партияда жоқтардың араласуы мен оның бағытын түсінбегендіктен ауытқушыларға жол беруі мәселені қиындата түсті;

- *Төртіншіден*, ұлттық ауытқушылыққа деген көзқарастың өзі Орталықтың өзінде әртүрлі болды. В.И. Ленин ауытқушылық әлі әлсіз оны түзеп тәрбиелеуге болады десе, кейіннен И.В. Сталин ауытқушылық дегеніміз өкінішке ұрындырады, егер біз бұл қателікті түбірімен құртпасақ, қатерге ұшыраймыз деген еді;

- *Бесіншіден*, ел тетігін ұстайтындар революцияға дейінгі аздаған қазақ зиялыларымен ғана шектелді. Олардың негізін Алашшылдар құрады. Басшылық қызметке ауыл кедейлері мен жұмысшыларын тарту, олардың сауатсыздығы мен дайындығы жоқтығынан қиындық тудырды.

Ал, осы «Алаш» партиясы төңірегіне топтасқан ұлттық интеллигенция, большевиктердің алғашқы қадамдарынан-ақ қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік бөліністі зорлап танушы, қазақ жұртының тыныштығына іріткі салушы күш ретінде таныса, большевиктер керісінше, Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін жанұшыра қорғайтын революциялық күш ретінде қарады. Большевизмге қарсы күштер әркілы саяси деңгейде еді. Жоғары дәрежеде ұйымдасқан алаш ұлт-азаттық қозғалысы, «Алашорда» (Қазақстанның солтүстік-батысы мен солтүстік шығысында) үкіметімен, Түркістанның мұсылмандар партиясы, Қоқан автономиясы үкіметімен, бұлардың бәрі большевиктер партиясымен тікелей қарама-қайшы бағыт-бағдарда болды.

Әрине, еуропалық түсінік, өлшем тұрғысынан алғанда Алаш саяси партия деңгейіне көтеріле алмағандай болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ қазақ қоғамының сол тұстағы қоғамдық даму ерекшелігін ескерсек, ол саяси партия есебінде өз міндетін белгілі дәрежеде атқара алды, бұл ретте ұлт тарихында өшпес терең із қалдырып кетті деп айтуға негіз бар. Ол күрделі 1917 жылдың күзінде мынадай үш ірі мәселенің дұрыс шешілуіне үлкен үлес қосты.

Біріншіден, партия мүшелері халық арасындағы және қазақ зиялылары ішіндегі ең алдымен шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол

мәселелер бойынша ортақ тұжырымдар жасауда жетекші роль атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасына енді;

Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) дайындап, өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда – ұлттық Кеңес өкіметі – келгені мәлім. Оның мүшелері түгелдей дерлік Алаш партиясының мүшесі санағандығы күмән тудырмаса керек;

Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік құрылтайға депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері Алаш партиясының атынан делегат болып сайланды;

Әрине, объективті жағдай, күрделі де қатал өмір ағымы Алаш партиясының саяси күреске білек түріп араласып кеткен саяси күшке айналуына мүмкіндік бере қоймады. Қым-қиғаш Азамат соғысы тұсында мұндай міндеттерді тек Алашорда атанған үкімет ғана атқара алатын еді [6].

Бірақ, 1918 жылы көктемде басталып кеткен азамат соғысы ұлттық тұтастық мәселесін біржола келмеске жіберді. Енді ғана ұлт-азаттық күрес арнасына түскен қазақ қоғамы бүкіл Ресей империясын қамтыған тап аралық соғыс аймағына тартылды. Қазақ қоғамы болашақ мемлекеттік құрылыстың түрлі нұсқаларын жақтап, (алаштық және кеңестік) екіге бөлініп кетті. Сөйтіп, кеше ғана отарлық езгіге қарсы күресте саяси тұтастық туын көтерген қоғам мүлдем басқа сипат алып, таптық жіктелу жолына түсуге тиіс болды. Бұл іс жүзінде жаңа ғана бой көтерген ұлт-азаттық қозғалыстың өзінің қисынды шешімін таппай жатып-ақ таптық күреске ұласуы еді.

Келесі осындай бір құрылымға біріккен оппозициялық күш – басмашылар қозғалысы болды. Ұйымдастырылуы жағынан ол Түркістан АКСР-ның кейбір аудандарында белгілі дәрежедегі саяси және кей жағдайда әскери-саяси күш ретінде белгілі болды.

Ал, бұндай қарсылықтың туындауына не себеп болды дегенге келер болсақ, оның бір көрінісін Алашорданың белгілі басшыларының бірі А.Байтұрсынов былай дейді: «Қазақтарға февраль революциясы каншалықты түсінікті болса, Октябрь социалистік революциясы соншалықты түсініксіз көрінді... екіншісінің (Қазан революциясының – автор) түсініксіз болуын оп-онай ұғындыруға болады: қазақтарда капитализм де, таптық жіктеліс те жоқ».

Міне, сондықтан да большевиктік ұрандардың көпшілігі жайылымдық жерлер мен малды ортақ негізде пайдаланушы қазақтар үшін керек те емес еді.

Соған қарамастан Кеңес өкіметі Қазақстанда күштеп кеңестендіру саясатын жүргізді. Бұл жайында А.Байтұрсынов: «Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз, шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізіледі. Тоқ етерін айтқанда, ол қозғалыс шет аймақтарда революция (әдеттегі түсініктегі) емес, барып тұрған анархия болды... Егер бұрын патша чиновниктері аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер – коммунистердің атын жамылған адамдар тобы жүргізіп отыр». – деген еді [6.7].

1916 жылдардағы Жетісу өлкесіндегі жазалаудан есін жинап болмаған елге, Қазан революциясы да жаңа ауыртпалықтар әкелді. Бұған табиғат апаты (сұрапыл қыс пен жазғы қуаңшылық) қосылып республикада аштық басталды. Күн көрудің барлық көзінен айырылған халық баудай түсе бастады. 1918 жылы Түркістан Республикасында азық-түлік жағдайы мүлдем қиындап кетті. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен революция қажетіне жұмсалынады деп орталыққа жіберілген мақта-мата, мал мен астықтан елге тиетін үлесі мүлдем болмады деуге болады. Бар малы мен азық-түлігінен айырылған көшпенді халық арасында өлім ересектер арасында 30 пайызды қамтыса, ал кейбір аудандарда 75 пайызы қырылған [5.45].

Әулиеата уезінде халықтың қатты қырылғандығы соншалық, бұрынғы бірнеше болысты біріктіріп бір болыс ұйымдастыруға тура келді. «Әулиеатада шірі бастаған өліктерді жинап алуға мұрша жоқ» – делінген Түрікатком атына жолданған телеграмманың бірінде. Әндіжан уездік азық-түлік комитеті жағдайды былайша баяндайды: «аштан өлгендердің мәйіттері жиналмастан, жол бойында шашылып жатыр. Бір үзім нан үшін әйелдер мен балаларды сату не айырбастау күнделікті құбылыс. Көбіне оларды тауға апарып, тағдыр тәлкегіне тастап кетеді, өйткені еркектер өздері азық тауып бере алмағандықтан, олардың азабын көргісі келмейді»[7]. 1918 ж. қаңтарындағы Өлкенің азық-түлік съезінде «қайыршылық шырқау шегіне жетті. Жақында аштық қалаға жетеді, сол кезде шара қолдану туралы ойлаудың өзі кеш болады» – деп, жергілікті жерлерде аш адамдардың бүлігі басталғанын да атап өткен. Сол кездегі сот орындарының мәліметі бойынша адам жеу фактісі де орын алған [8].

Мұрағат қорларындағы деректердің мәліметіне жүгінсек, азық-түлік саясатындағы асыра сілтеушілік қарапайым халыққа қаншама қасірет әкелгенін көруге болады. Мысалы, 1918 жылғы сұрапыл қыс пен жазғы қуаңшылықтан қатты зардап шеккен, қолда бар азын-аулақ малынан түгел дерлік айырылған Черняев уезі Байшұған болысының №6 ауылының кедей малшылары жазға қарай мал шығынын орнына келтіріп, қор жинау мақсатында өз дүние-мүліктерін сату арқылы 338 мың сом ақша жинап, өз өкілдерін Семей облысының жәрмеңкелеріне жөнелтіп, 2450 қой, 21 жылқы және 5 түйе сатып алды. Ұзаққа созылған сапардан кейін сатып алынған мал Түркістан қаласына жеткізілген кезде жергілікті өкімет органдары ГПУ қызметкерлеріне арқа сүйеп бар малды тартып алды да, оны Ташкент қалалық азық-түлік комитетінің қорына жіберді. «Ендігі жерде біз өлім тырнағына сөзсіз іліндік, себебі, ең соңғы үміт тартып алынды» – дейді малшылар атынан шағым жазған К.Аманбаев [5,49].

Осындай әдістермен Түрікатком мүшесі Бөлебаев тек 1918 ж. қыркүйек айының өзінде Түркістан уезінің Болат, Жаусыған, Алтын болыстықтарының қазақтарынан 25000 қойды тартып алған. Есеп бойынша бұл уезде 1917 жылғы революциядан бұрынғы малдың небәрі 5 пайызы ғана қалған. Астық екпейтін осы уезд тұрғындарына кеңес үкіметі 75 мың пұт астық салығын салған. Бұл уезде «... 1917-1919 жж. революция болған жоқ, мұнда шын мәнінде патша тәртібі сақталды делінсе, ал көршілес Перовскі уезінің тұрғындары: «кеңес өкіметін тонаушы, қарақшы өкімет деп санады» [5,50].

Сонымен, бұл деректердің айтатыны Кеңес өкіметі халықты әдейілеп аштыққа ұшыратқан секілді болғанымен, өлкенің халқына қатысты еш шараның қабылданбауы соның бір айғағы. Оны төмендегі деректер аша түседі. Қызылдар қырғынының тағы бір тәсілі ұлы революция жеңісі үшін халықты аштыққа ұшыратып, елінен, жерінен қаңғыртып, құрбандыққа шалғандығы. Кеңес мемлекетінің шешімдерін, қаулылары мен заңнамалық актілерін талдау үшін 1991 жылғы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен парламенттік комиссия құрылды. Оның құрамына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты М.Қ. Қозыбаев (Төраға), тарихшылар Қ.С. Алдажұманов, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков, М.Ж. Хасанаев, Ю.И. Романов, құқықтанушылар Г.С. Сапарғалиев және басқалар, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың басшылары, Бас прокурор, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Республика ҰҚК Төрағасы, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты. Комиссия 1992 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеді, ал оның нәтижелік қорытындысы баспасөзде жарияланды.

Осы комиссияның белсенді мүшесі болған Қ.С. Алдажұмановтың пікіріне жүгінсек: «Бүгінгі күні біз 30-шы жылдардың соңында апат аудандары бойынша бастапқы құжаттарды зерделеу негізінде арнайы қызметтер дайындаған деректермен жұмыс істейміз: бір қызығы, ұжымдастыру мен ашаршылықтың барлық жылдарында аштық пен тұрғындардың өлімі туралы объективті ақпаратты тек қана Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) органдарының қызметкерлері ғана берген. Олардың деректері бойынша 1930-1933 жылдар аралығында республика тұрғындары санының азаюы 2 млн 531 мыңнан астам адамды құрады. Сонымен қатар, құжаттарда "құжаттаудың жоқтығы, толқулардың, көтерілістердің және тұрғындардың босқындығы себепті бұл мәліметтер толық емес" делінген. Осы және

басқа да деректерді негізге ала отырып, комиссия 1992 жылы республика бойынша 2 млн 200 мың адамның, оның ішінде 1 млн 750 мың қазақтың шығын санын анықтады.

Парламенттік комиссия атап өткендей, Қазақстандағы 30-шы жылдардағы ашаршылық қазақ халқына қарсы геноцид сипатында болды».

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Стефан Куртуа, Николя Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковски, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма. Преступления, террор, репрессии.// Пер. с фран. – М.; Три века истории, 1999. – 768 с.
2. Альмарк П. Открытая рана // Известия. -1997.- 30 октября. -2007.
3. Боданов Ж.К. Приговор истории: не виновны. – Алматы: Ғылым, 1998. -110 с.
4. Сафаров Г. Колониальная революция: опыт Туркестана; Богачев А. Алаш-Орда. – Алматы: Жалын, 1992. – 272 с.
5. Қоныратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. -Алматы. Қазақстан, 1994.-444 б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.- 256 б.
7. Каримов Р.Х. НЭП в Узбекистане: закономерности и специфика // Общественная наука Узбекистана. – № 3. – С. 24.
8. Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 17 қор, 1 тізбе, 20 іс, 199 парақ.

МАЗМҰНЫ

Атыгаев Н.А.	
РЕЗА АББАСИ МҰРАЖАЙЫНДАҒЫ СЕФЕВИД КЕЗЕҢІ ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ АСА ҚЫЗЫҚТЫ МИНИАТЮРА ЖАЙЫНДА (ИИР, ТЕГЕРАН)	8
Егізбаева М.Қ.	
ТАТАРЛАР: ЭТНОМӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	18
Жеңіс Жомарт	
ШЫҢҒЫСХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ... 25	
Жубанышов Б.Т.	
ОҒЫЗ ХАН ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ	31
Несіпбаева Ж.Ж.	
«ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ» БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ	35
Оразов Р.Е.	
БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ ЖЕТІСУДА.....	41
Рүстемов С.Қ.	
ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН (ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басы)	50
Торланбаева К.Ө.	
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ҚАУЫМДАРДАҒЫ САЯСИ БИЛІКТІН ДАМУЫ	64
Шашаев А.К.	
ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМАДАҒЫ ӨТЕМІС ҚАЖЫНЫҢ «ШЫҢҒЫСНАМАСЫ».....	71
Шашаев А.К.	
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН НАУҚАНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАРДАПТАРЫ	79
Шолк Дина	
1991–1995 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ПЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ СӘТТІ СЕРІКТЕСТІГІ	87

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н.А. ОБ ОДНОЙ СВЕРХИНТЕРЕСНОЙ МИНИАТЮРЕ В РУКОПИСИ СЕФЕВИДСКОГО ПЕРИОДА ИЗ МУЗЕЯ РЕЗА АББАСИ (ИРИ, ТЕГЕРАН)	8
Егизбаева М.К. ТАТАРЫ: СВЕДЕНИЯ О ЭТНОКУЛЬТУРЕ.....	18
Женис Жомарт РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ ЧИНГИСХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ И ИСЛАМ	25
Жубанышов Б.Т. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ И МИФОЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ЛЕГЕНД ОБ ОГУЗ- ХАНЕ.....	31
Несипбаева Ж.Ж. «НАЦИОНАЛЬНЫЙ АРХИВ» КАК ИСТОЧНИК СОВРЕМЕННОЙ ДИПЛОМАТИИ КАЗАХСТАНА.....	35
Оразов Р.Е. ВОЕННОПЛЕННЫЕ ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В СЕМИРЕЧЬЕ	41
Рустемов С.К. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИХ ОТНОШЕНИЙ (конец XIX – начало XX вв.)	50
Торланбаева К.О. РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ВЛАСТИ В КОЧЕВЫХ СООБЩЕСТВАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	64
Шашаев А.К. «ЧИНГИС-НАМЕ» УТЕМИШ-ХАДЖИ В СТЕПНОЙ УСТНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	71
Шашаев А.К. ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА В КАЗАХСТАНЕ	79
Шолк Дина УСПЕШНОЕ ПАРТНЕРСТВО США И КАЗАХСТАНА В ОБЛАСТИ ЯДЕРНОГО РАЗОРУЖЕНИЯ В 1991–1995 годах	87

CONTENTS

Atygayev N.A. ON A HIGHLY INTERESTING MINIATURE IN A SAFEVID PERIOD MANUSCRIPT FROM THE REZA ABBASI MUSEUM (IRI, TEHRAN)	8
Yegizbayeva M.K. TATARS: INFORMATION ON ETHNOCULTURE	18
Zhenis Zhomart THE RELIGIOUS VIEWS OF GENGHIS KHAN AND HIS DESCENDANTS AND ISLAM.....	25
Berik T. Zhubanishov HISTORICAL-CULTURAL AND MYTHOLOGICAL CHARACTER OF THE LEGENDS ABOUT OGHUZ KHAN	31
Nessipbayeva Zh. Zh. «NATIONAL ARCHIVES» AS A SOURCE OF THE CONTEMPORARY DIPLOMACY OF KAZAKHSTAN	35
Orazov R.E. PRISONERS OF THE FIRST WORLD WAR IN SEMIRECHYE.....	41
Rustemov S.K. FROM THE HISTORY OF KAZAKH-TURKISH RELATIONS (Late 19th – Early 20th Centuries)	50
Torlanbayeva Kenzhe SAME QUESTIONS OF THE DEVELOPMENT OF POLITICAL POWER IN NOMAD SOCIETY OF CENTRAL ASIA	64
Shashayev A.K. «CHINGIS-NAME» BY UTEMISH HAJI IN STEPPE ORAL HISTORIOGRAPHY	71
Shashayev A.K. CONSEQUENCES OF THE SOVIET-ERA POLITICAL REPRESSION CAMPAIGN IN KAZAKHSTAN	79
Dena Sholk THE U.S. AND KAZAKHSTAN'S SUCCESSFUL DENUCLEARIZATION PARTNERSHIP BETWEEN 1991 AND 1995	87

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2014. 4 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.12.2014.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 7,8.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй